

ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДА

МКМ «Қызылорда облыстық психоневрология ауруханасы»

Кіріспе

Ерте кезден осы уақытқа этика медицинаның органикалық бір бөлігі. Медицинада кәсібилік ұғымы арнайы білім мен дәрігерліктің жоғарғы адамгершілігімен тығыз байланысты.

Психиатриядағы кәсіби қызметтегі этиканың ролі маңызды – бұл пациентпен қарым-қатынастың моральдік мәселелердың өзектілігімен түсіндіріледі.

Психиатрия адам психикасына әсер ететін құралдары бар, сол себепті ол қоғам назарында.

Бұл заң отандық психиатрияның гуманистік дәстүрлері, адам бостандығын және құқығын қорғау принциптері және халықаралық кәсіби қоғамдық этикалық стандарттарын ескере отырып жасалған.

Заңның мақсаты – дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне күрделі жағдайларда шешім қабылдауға, қателіктер қаупін төмендетуге, медицина қызметкерлерін заңсыз талаптардан қорғауға бағыт бағдар беру.

Миссия

1. Қызылорда облыстық психоневрология ауруханасы барлық психикалық және шекаралық бұзылыстары бар адамдарға мамандандырылған, білікті, емдеу –диагностикалық, әлеуметтік – қалпына келтіру көмегін ұсынады.
2. Ұжымның күш жігері, азаматтардың психикалық денсаулығын жақсартуға, сапалы психиатриялық көмек көрсетуге, ересектерге, жасөспірімдерге және балаларға психологиялық түзету жүргізуге бағытталған.

Мақсаты

1. Психиатриялық кәсіби қызметтің басты мақсаты – халықтың психикалық денсаулығын қорғау және нығайту мақсатында , тегін медициналық көмек беру шеңберінде халыққа психиатриялық және психологиялық көмек көрсету.
2. Медициналық қызметтің сапасымен халықты қанағаттандыру.

Мекеменің құндылық көздері

1. Науқастардың мәртебесімен жеке тұлғасын Сыйлау.
2. Әріптестік, үнемі өз-өзіне есеп беру, сонымен қатар науқастар мен медицина қызметкерлері арасында сенімділікті құру.
3. Ашықтық, жеке тұлға мен ұжым арасындағы тәртіптілік пен шынайылық ұстанымын сақтау.
4. Кәсібилік тұрақты жоғары көрсеткіштерге жету үшін, үнемі өзін жетілдіріп, өзінің сапалы білімі мен тәжірибесін ұжым мен науқастар игілігіне бағыттау.

Қызмет атқару бұл қоғам мен мемлекет тарапынан сенім білдіруі және аурухана қызметкерлерінің жоғары адамгершілікке, моральдық-этикалық бейнесіне талап қоя білуі.

Әрбір қызметкерлердің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өз ісіне, өз отаны Қазақстанға риясыз, адал жұмсайтынына қоғам сенеді.

МКМ ОПНА-ң медициналық қызметкерлері өз ісінде Қазақстан Республикасы заңдарын,соның ішінде азаматтар денсаулығын қорғау және медициналық көмек, дәрігер антын, мейірімділік және гуманизм принциптерін басшылыққа алады.

Аурухана қызметкерлері өз қызметінде тиіс:

1. Өзінің біліктілігіне, қызметтік нұсқаулары мен міндеттеріне сәйкес сапалы және қауіпсіз медициналық көмек көрсетуге жауапты.
2. Кез келген адамның жасына, жынысына, нәсілі мен ұлтына, тұрғылықты жеріне, оның әлеуметтік мәртебесіне, діни және саяси ұстанымына, сондай-ақ өзге де медициналық факторына қарамай медициналық көмек көрсету.
3. Өзінің кәсіби білімін, біліктілігін ой-өрісін жетілдіріп отыру.
4. Өзінің және әріптестерінің қателіктерін әділ талдауға тиіс.
5. Науқастың денсаулығына зиян келтіретін кәсіби емес, арам, құзіретті емес әріптестерді болдырмау.
6. МКМ «ОПНА» беделін нығайтуға тиіс, оның мүддесін беделін түсіретін әрекетке жол бермеуге тиіс.
7. Науқастардың азаматтық құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету.
8. Аурухана қызметкерлернің бірлігі мен ұлтаралық келісімін нығайту.
9. Еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтауға, адал, әділ, сапалы қызмет етуге, өзінің қызметтік міндеттерін өз жұмысында тиімді пайдалану.
10. Жоғары кәсіби жұмыс істеуге, қойылған міндеттерді шешуде үнемді, оңтайлы әдістерді пайдалануға күш жігерін жұмсау.
11. Өзінің ісімен, мінез-құлқымен тұрақты және жағымды моралдық-психологиялық жағдай жасауға.
12. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде киімнің іскерлік қалпын ұстануға тиіс.
13. Медицина қызметкерлері салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған қоғамдық іс-шараларға қатысуға тиісті.
14. Медициналық қызметкер қателіктер жіберген жағдайда, оның нәтижесінде асқынулар болуы мүмкін кезде, бұл туралы науқасты, аға әріптесін, бөлімше басшысын, олар болмаған жағдайда мекеме әкімшілігін хабар етуге міндетті. Қажет болған жағдайда басқа мамандарды тартуға болған жағдайда қателігін бірге шешуге тиіс.
15. Қателіктер жіберілген жағдайда оны әріптестермен, басшылармен талқылап, басқа дәрігерлердің тәжірибиесінде орын алмауы үшін алдын алу тиіс.
16. Әрбір медициналық қызметкер өз міндетін орындауда, қандай да бір туындаған құмарлық әсеріне берілмеуі тиіс.
17. Басқа қызметкерлер тарапынан қызметтік этиканың бұзылуына жол бермеу.
18. Қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік мақсатта пайдалануға жол бермеу.
19. Медициналық қызметкер науқасты қисынсыз тәуекелге және өз білімін қатыгездік мақсатта пайдаланбауға тиіс.
20. Егер дәрігер өзінің құзіреттілігін және қажетті ем жүргізу мүмкіндіктерін жеткіліксіздігін және науқаспен арадағы сенімділіктің жоқтығын білсе науқастың жағдайын ескере отырып өз міндетінен бас тартуға құқысы бар. Осы жағдайларды тиісті денсаулық сақтау басшыларына және науқасты құзіретті маманға жолдауды ақпараттауы тиіс.
21. Әрбір дәрігер науқастың дәрігерді таңдауына құрметпен қарауы керек. Пациенттің ерікті келісімін науқаспен сөйлесу барысында алады. Бұл келісім саналы түрде болуы керек, науқас емдеу әдістері, оларды қолдану оның асқынулары туралы хабардар болуы керек. Емдеу-диагностикалық шаралары келісімсіз жүргізіледі, яғни науқас өз өмірімен денсаулығына төнген қауіпке қабілетсіз болғанда. Мүмкіндігінше бұндай жағдайлар алқалы түрде шешіледі. Емдеу кезінде дәрігер ҚР заңнамасын басшылыққа алуы тиіс.
22. Баланы емдеу барысында дәрігер оның ата-анасының немесе қамқоршысының келісімін алуы тиіс.
23. Өзінің іс-әрекетімен, шешімдерімен негізсіз сынға жол бермеу, сынға шыдамдылықпен қарау, кемшіліктерді жою мақсатында және кәсіби қызметін жақсартуда пайдалану.

Медициналық қызметкерлерге жол бермейтіні әрекеттер.

Медициналық қызметкер құқылы емес:

1. Өз білімі мен мүмкіндіктерін мейірімсіз мақсатта пайдалануға.
2. Негізсіз медициналық шараларды қолдануға және одан бастартуға.
3. Пациентті жазалау немесе үшінші тұлғаның мүддесі үшін медициналық әсері бар әдісті қолдануға.
4. Өзінің философиялық, діни және саяси көзқарастарын қолдануға.
5. Пациентке әдейі немесе немқұрайлықпен физикалық, рухани немес материалдық залал келтіруге.
6. Емдеу және диагностика барысында медициналық қызметкерлердің жеке теріс түсінігі және де кәсіби емес себептері әсер етпеуі тиіс.
7. Науқасқа және науқастан мүмкіндігінше сыйлық алынбағаны дұрыс, сыйлық бермеген немесе сыйлық алмағандар өздеріне қамқорлық аз көрсетіледі деп ойлауы мүмкін. Қолма-қол ақша немесе бағалы сыйлықтарға тыйым салынады.
8. Медициналық қызметкер дәрілік препараттарды таратушылыр, даярлаушы фирмалар тарапынан ұсынылған дәрі-дәрмек, сауда атауы бар препарат, медициналық бұйымдарды алуға тиіс емес.
9. Медициналық қызметкер өзінің қызметтік дәрежесін пайдалана отырып науқастың эмоционалдық жағдайын пайдалана отырып онымен мүлкітік шарттар жасауға, қорқытуға, парақорлыққа баруға тиісті емес. Медициналық қызметкер ем тағайындау барысында емделушіге толық емес ақпарат беруге, оның ішінде төмен бағадағы медициналық препараттар барын жасыруға тиіс емес.

Кәсіби тәуелсіздік

Медициналық қызметкерлердің құқығы мен міндеті өзінің кәсіби тәуелсіздігін сақтау.

Қарт кісілерге, әскери қызметкерлерге, азаматтарға, жоғары лауазымды кісілерге, қамаудағыларға көмек көрсете отырып, медициналық қызметкер өзіне шешіміне толық жауапты, сондықтан шешім қабылдау барысында әкімшілік, пациенттер немесе басқа кісілердің тарапынан көрсетілген қысымға жол бермеуі тиіс.

1. Медициналық қызметкерлер жеке тұлғамен немесе заңды тұлғамен ынтымақтастыққа қарсы болуға міндетті, егерде ол Қазақстан Республикасының заңына, этикалық принциптеріне, кәсіби борышына қайшы әрекетті талап етсе.
2. Медициналық сараптамаларға, консилиумдарға, комиссияларға, кеңестерге және т.б. қатыса отырып, өз ұстанымын ашық әрі анық мәлімдеуге, өз көзқарасын қорғауға, егер өзіне қысым көрсетілген жағдайда құқықтық және қоғамдық қорғауға жүгінуге құқығы бар.

Медицина қызметкері пен пациенттің өзара қарым-қатынасы

Пациенттің ар-намысы мен қадір қасиетіне құрмет.

1. Медицина қызметкері пациентке және оның туыстарына ілтипат және төзімділік көрсетіп, оның ары мен абыройына құрметпен қарауы керек
2. Медицина қызметкері пациентке дәрекі және намыссна тиіп, адамның қадірін қорлап, сондай-ақ өз біріншілігін көрсетіп және пациенттің біріне көп көңіл бөліп немесе оқшаулауын болдырмау керек
3. Науқастың жағдайына алаңдаушылық білдірген туыстар мен жақындарының қамқорлығын түсіністікпен қабылдап, бірақ сонымен қатар кәсіби себептері жеткіліксіз науқастың және отбасы мүшелерінің жеке істеріне араласпауына
4. Медициналық қызметкер емделушінің бас бостандығы мен қадір қасиетіне мүмкіндігінше ең аз шектеулі күш қолдана отырып көмек көрсетуі тиіс.

5. Пациент - қоғам, пациент – отбасы және т.б. мүдделерде кикілжің туған жағдайда медициналық қызметкерлер пациенттің қызығушылығына мән беруі керек. Егер оны орындау пациенттің өзіне немесе қоршаған ортаға тікелей кесірін тигізбесе
6. Пациент медициналық қызметкерге сеніп айтылған жеке және медициналық ақпараттың құпия түрінде қалатынына үміт артуға құқылы. Медициналық көмекке жүгіну фактісін қоса алғанда, мед. қызметкер пациенттің және оның заңды өкілінің рұқсатынсыз зерттеу және емдеу барысында алынған мәліметтер мен ақпараттарды жариялауға құқығы жоқ.
7. Медициналық қызметтер медициналық құпияның жариялануына кедергі болатын шаралар қабылдауы тиіс. Пациент өлімі медициналық құпияны сақтау міндетінен босатпайды. Медициналық құпияны жариялау көзделген жағдайда ҚР заңнамасына сәйкес жүргізіледі.
8. Пациент өз денсаулығына байланысты толық ақпарат алуға құқылы, бірақ ол бұдан бас тартып өз денсаулығының жағдайын сенетін адамға (тұлғаға) тапсыруына болады.
9. Ақпаратты пациенттен жасыруға болады, егер ол ақпаратта пациентке салмақты залал тигізетін болса. Дегенмен, пациент талап еткен жағдайда, дәрігер оған шектеулі ақпаратты айтуға міндетті. Егер болжам ақпарат пациентке елеулі зиян келтіруі мүмкін болса, онда пациентті алдынала дайындап, болашаққа үмітін үздірмей сыпайы әрі абайлап хабардар ету керек.
10. Егер емделуші өз келісімін саналы түрде жеткізе алмаса, оны заңды өкілі немесе емделушіге қамқоршы тұлға жеткізуі тиіс.

Дәрігерлік құпия

1. Әрбір емделуші жеке құпиясының сақталуына құқылы, дәрігер де, басқада медициналық көмек көрсетуге қатысу шаралармен бірге дәрігерлік құпияны сақтауға міндетті, емделуші қайтыс болған жағдайда тіпті мед. көмекке жүгіну фактісі де, егер емделуші басқаша тапсырмаса
2. Барлық ақпараттар мен ем алу және көмекке жүгіну барысында берілген мәліметтер құпия болып саналады.

Емделуші жайлы медициналық ақпарат таралуы мүмкін

- Емделушінің нақты, оның жазбаша түрде берілген келісімі болса,
 - Сот, прокуратура, тергеу, бөлімдерінің мақсаты талабы бойынша,
 - Егер сақталған құпия емделушінің немесе басқа да тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін болса (қауіпті жұқпалы аурулар).
1. Дәрігер емге қатысушы басқа да мамандардың кәсіби құпиясының сақталуын қадағалайды. Медициналық ақпаратқа қолжетімді тұлғалар, емделуші жайында мәліметті құпия сақтауға міндетті.
 2. Студенттерді оқыту және дәрігерлердің біліктілігін арттыру барысында дәрігерлік құпия сақталуы тиіс

Медициналық қызметкерлердің өзара қарым-қатынасы

1. Медициналық қызметкерлер арасындағы өзара қарым-қатынас сыйластықта, сенімділікте құралып, емделушінің қызушылығын сақтауда ерекшеленеді.
2. Медициналық қызметкерлер әріптестерімен өзара қарым-қатынаста әділ, шынайы, қайырымды, тәртіпті болып, әріптестерінің білімі мен тәжірибісіне құрметпен қарап, сондай-ақ оларға өз тәжірибісі мен білімімен бөлісуге дайын болуы керек.
3. Басшылықтың және басқа медицина қызметкерлердің моралдық құқығы жоғары кәсіби құзіреттілік деңгейін және жоғары адамгершілікті талап етеді.
4. Әріптесіне деген сын сәйкес және қорламайтындай болуы тиіс. Сынға әріптестің жеке тұлға іс-әрекеті емес, кәсіби іс-әрекеті жатады. Өз абыройын асқақтату үшін өзгенің беделін пайдалануға жол берілмеуі керек. Медицина қызметкері емделушінің немесе олардың жақындарының көзінше әріптесінің жұмысы жайында жағымсыз сөз сөлемейді керек.
5. Медицина қызметкері өмір бойына өзін емдеу ісі жөніндегі оқытқан адамдарға сыйластықпен, рақымшылықпен қарау керек.

6. Медицина қызметкері әріптестеріне өзіне қалағандай қарым-қатынас жасауы керек.
7. Медициналық қызметкері көпшілік көзінше басқа дәрігерлердің кәсіби біліктілігіне сенімсіздік танытып,оның беделін түсірмеу керек.
8. Ауыр клиникалық жағдайларда дәрігерлер әріптестеріне ақылы мен кеңесін беруі тиіс. Емдеу барысында емдейтін дәрігер ғана жауапты, ол тағайындаулары қабылдап немесе өзгертуге құқылы.Дәрігер әріптестерінің емделушілерін өзіне тарту үшін жағдай жасамау керек.

Өлім аузында жатқан пациентке моральды көмек көрсету

Медициналық

қызметкер өлім аузында жатқан емделушіге қолжетімді және заңды тәсілдермен азабын жеңілдетуге міндетті.Медицина қызметкері емделушіге өз қалауы бойынша кез-келген діни конфессиялардан рухани қолдау алуына кепілдік беруге міндетті.

Қорытынды

1. Осы этикалық ережелер күші барлық медицина қызметкерлеріне міндетті.
2. Кәсіби этиканың бұзылу дәрежесін анықтауға этикалық комитет мүшелері жауапты.